

Объектілерді республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қазандағы N 1602 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Астана қаласы әкімінің Астана қаласы, Есіл ауданы, Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясы мекен-жайында орналасқан Үлкен су бұрқақты және Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11 мекен-жайында орналасқан гүлзарды (бұдан әрі - объектілер) Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының теңгерімінен республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен (келісім бойынша) және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен объектілерді қабылдау-беру бойынша қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жү з е г е а с ы р с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i> <i>К. Мәсімов</i>
-------------------------	---